- 745-бап. Банк құпиясы
- 746-бап. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік
- Параграф 2. Банктік шот
- 747-бап. Банктік шот шарты
- 748-бап. Банктік шот шартының нысаны
- 749-бап. Клиенттің ақшасына билік ету
- 750-бап. Банктік шот шарты бойынша банк орындайтын операциялар
- 751-бап. Ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы
- 752-бап. Банктік шот шартын бұзу
- 753-бап. Банктердің банктік шоттары
- Параграф 3. Ақша аудару
- 754-бап. Ақша аудару туралы шарт
- 755-бап. Ақша аудару туралы шарттар жасасу

Параграф 4. Банк салымы

756-бап. Банк салымы шарты

757-бап. Банк салымдарының түрлері

758-бап. Банк салымы шартының нысаны

759-бап. Банк салымы шартының қолданылу мерзімі

760-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы

761-бап. Банк салымы шарты бойынша сыйақы төлеудің тәртібі

762-бап. Салымдарды енгізу

763-бап. Үшінші тұлғалардың салымға ақша енгізуі

764-бап. Үшінші тұлғалардың пайдасына салымдар

765-бап. Банк салымдарын қайтару

766-бап. Банк салымын қайтаруды қамтамасыз ету

767-бап. Банк салымы бойынша жасалған операциялар үшін банк көрсеткен қызметтерге ақы төлеу

39-тарау. Сақтау

Параграф 1. Сақтау туралы жалпы ережелер

768-бап. Сақтау шарты

769-бап. Затты сақтауға қабылдау туралы шарт

770-бап. Затты сақтауға қабылдау міндеті

771-бап. Заттарды иесіздендіріп сақтау

772-бап. Сақтау шартының нысаны

773-бап. Сақтау мерзімі

774-бап. Сақтаушыға сыйақы беру және оның шығындарын өтеу

775-бап. Сақтаушының заттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері

776-бап. Сақтау жағдайларын өзгерту

777-бап. Затты үшінші тұлғаға сақтауға беру

778-бап. Сақтаушының заттың сақталмағандығы үшін жауапкершілігі

779-бап. Сақтаушы-кәсіпкердің жауапкершілігі

780-бап. Сақтаушының жауаптылық мөлшері

781-бап. Затты алу мерзімдерін бұзудың зардабы

782-бап. Сақтаушыға келтірілетін залалдардың орнын толтыру

783-бап. Сақтау туралы жалпы ережелерді оның жекелеген түрлеріне

қолдану

Параграф 2. Сақтаудың жекелеген түрлері

784-бап. Ломбардта сақтау

785-бап. Ломбардтан талап етілмеген зат

786-бап. Құндылықтарды банкте сақтау

787-бап. Көлік ұйымдарының сақтау камераларында сақтау

788-бап. Ұйымдардың киімілгіштерінде сақтау

789-бап. Қонақ үйде сақтау

790-бап. Даулы заттарды сақтау (секвестр)

Параграф 3. Тауар қоймасында сақтау

791-бап. Тауар қоймасы

792-бап. Ортақ пайдаланылатын тауар қоймасы

793-бап. Тауар қоймасының міндеттері

794-бап. Тауар иесінің тауар қоймасына қоятын талаптары

795-бап. Тауар қоймасының сақтау жөніндегі шығындарының орнын

толтыру

796-бап. Тауар қоймасының сақтау шартынан бас тартуы

797-бап. Қойма құжаттары

798-бап. Жай қойма куәлігі

799-бап. Қос қойма куәлігі

800-бап. Қос қойма куәлігін ұстаушының тауарға құқықтары

-
- 801-бап. Қойма және кепіл куәліктерін беру
 - 802-бап. Қос қойма куәлігі бойынша тауар беру
 - 40-тарау. Сақтандыру
 - 803-бап. Сақтандыру шарты
 - 804-бап. Осы Кодекспен реттелетін сақтандыру қатынастары
 - 805-бап. Сақтандыру нысандары
 - 806-бап. Міндетті және ерікті сақтандыру
 - 807-бап. Сақтандыру объектісі
 - 808-бап. Міндетті сақтандыру туралы ережелердің бұзылу зардабы
 - 809-бап. Жеке және мүліктік сақтандыру
 - 809-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру
 - 810-бап. 2006 жылғы 20 ақпандағы № 128 ҚР Заңымен алып тасталды
(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
 - 811-бап. 2006 жылғы 20 ақпандағы № 128 ҚР Заңымен алып тасталды
(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
 - 812-бап. 2006 жылғы 20 ақпандағы № 128 ҚР Заңымен алып тасталды
(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)
 - 813-бап. Сақтанушы
 - 814-бап. Сақтандырушы
 - 815-бап. Сақтандырылған адам
 - 816-бап. Пайда алушы
 - 817-бап. Сақтандыру жағдайы
 - 818-бап. Сақтандыру сыйлықақылары
 - 819-бап. Сақтандыру сомасы
 - 820-бап. Сақтандыру төлемі
 - 821-бап. Қос сақтандыру
 - 822-бап. Топтық сақтандыру
 - 823-бап. Ортақ сақтандыру

-
- 824-бап. Қайта сақтандыру
 - 825-бап. Сақтандыру шартының нысаны
 - 825-1-бап. Сақтандыру ережелері
 - 826-бап. Сақтандыру шартының мазмұны
 - 826-1-бап. Жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің мерзімін ұзарту
 - 826-2-бап. Жинақтаушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру
 - 826-3-бап. Бас полисті ресімдеу жолымен шарт бойынша сақтандыру
 - 827-бап. Сақтандыру шартының қолданылуы
 - 828-бап. Сақтандырушының міндеттері
 - 829-бап. Сақтандыру жағдайынан туындайтын залалдарды азайтуға бағытталған шығындардың орнын толтыру
 - 830-бап. Сақтандыру құпиясы
 - 831-бап. Сақтанушының міндеттері
 - 832-бап. Шарт жасасу кезінде сақтанушы беретін мәліметтер
 - 833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау
 - 834-бап. Шарттың қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары
 - 835-бап. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыны хабардар ету
 - 836-бап. Сақтанушыны ауыстыру
 - 837-бап. Сақтандырылған адамды ауыстыру
 - 838-бап. Пайда алушыны ауыстыру
 - 839-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері
 - 840-бап. Сақтанушының залалдарды өтеу құқықтарының сақтандырушыға ауысуы (суброгация)

-
- 841-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату
- 842-бап. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатудың салдары
- 843-бап. Сақтандыру шартының жарамсыздығы
- 844-бап. Сақтандыру шартын жарамсыз деп танудың салдары
- 845-бап. Өзара сақтандыру
- 41-тарау. Тапсырма
- 846-бап. Тапсырма шарты
- 847-бап. Тапсырманы сенім білдірушінің нұсқауларына сәйкес орындау
- 848-бап. Сенім білдірілген өкілдің міндеттері
- 849-бап. Сенім білдірушінің міндеттері
- 850-бап. Тапсырма шартындағы сыйақы
- 851-бап. Сенім ауысуы
- 852-бап. Тапсырма шартын тоқтату
- 853-бап. Тапсырма шартын тоқтатудың зардабы
- 854-бап. Тапсырма шартындағы құқықтық мирасқорлық
- 42-тарау. Басқаның мүддесіне тапсырмасыз іс-әрекет жасау
- 855-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасау талаптары
- 856-бап. Мүдделі тұлғаға оның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер туралы хабарлау
- 857-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесіне жасалған іс-әрекеттерді мақұлдауының салдары
- 858-бап. Мүдделі тұлғаның өз мүддесі үшін жасалған іс-әрекеттерді мақұлдамауының салдары
- 859-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекет жасаған адамға залалдарын өтеу
- 860-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттер үшін сыйақы
- 861-бап. Басқаның мүддесіне мәміле жасау салдары
- 862-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаудың салдарынан негізсіз баю

863-бап. Басқаның мүддесіне жасалған іс-әрекеттермен келтірілген зиянды өтеу

864-бап. Басқаның мүддесіне іс-әрекеттер жасаған адамның есеп беруі

43-тарау. Комиссия

865-бап. Комиссия шарты

866-бап. Комиссиялық сыйақы

867-бап. Комиссионердің үшінші тұлғамен мәміле жасау жөніндегі құқықтары мен міндеттері

868-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау

869-бап. Қосалқы комиссия

870-бап. Комитенттің нұсқауларынан ауытқу

871-бап. Комиссияның нысанасы болып табылатын мүлікке құқық

872-бап. Комиссионердің өзіне тиесілі соманы ұстап қалуы

873-бап. Комиссионердің комитент мүлкінің жоғалғаны, кем шыққаны немесе бүлінгені үшін жауапкершілігі

874-бап. Өзіне мәміле жасау

875-бап. Комитенттің комиссия шарты бойынша орындалғанды қабылдауы

876-бап. Комиссиялық тапсырманы орындау жөніндегі шығындардың орнын толтыру

877-бап. Комитенттің тапсырманың күшін жоюы

878-бап. Комиссионердің тапсырманы орындаудан бас тартуы

879-бап. Комиссия шартын тоқтату

880-бап. Комитенттің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы

881-бап. Комиссионердің мерзімі көрсетілмей жасалған шарттан бас тартуы

882-бап. Комиссия шартындағы құқықтық мирасқорлық

44-тарау. Мүлікті сенімгерлікпен басқару

883-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару ұғымы және оның панда болу негіздері

-
- 884-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару субъектілері
 - 885-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару объектілері
 - 886-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты
 - 887-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының нысаны
 - 888-бап. Сенімгер басқарушының құқықтары мен міндеттері
 - 889-бап. Сенімгер басқарушының бастамасымен сенімнің ауысуы
 - 890-бап. Сенімгер басқарушының жауапкершілігі
 - 891-бап. Мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының тоқтатылуы
 - 892-бап. Акцияларды және өзге де бағалы қағаздарды сенімгерлікпен басқару
 - 893-бап. Инвестициялық қорлардың активтерін сенімгерлікпен басқару
 - 894-бап. Кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде сенімгерлікпен басқару
 - 895-бап. Мемлекеттік қызметшінің мүлкін сенімгерлікпен басқару
 - 45-тарау. Кешенді кәсіпкерлік лицензия (франчайзинг)
 - 896-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының ұғымы
 - 897-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының нысаны
 - 898-бап. Лицензиардың міндеттері
 - 899-бап. Лицензиаттың міндеттері
 - 900-бап. Шектеу шарттары
 - 901-бап. Лицензиардың лицензиатқа қойылатын талаптар бойынша жауапкершілігі
 - 902-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензия
 - 903-бап. Кешенді кәсіпкерлік қосалқы лицензияның лицензиардың лицензиатпен негізгі шартына тәуелділігі
 - 904-бап. Лицензиар, лицензиат және қосалқы лицензиат қатынастарының ерекшеліктері
 - 905-бап. Фирмалық атау өзгерген кезде шарттың күшін сақтауы

906-бап. Пайдалануға берілген бір немесе бірнеше айрықша құқықтардың өзгеруі кезінде шарт күшінің сақталуы

907-бап. Пайдалануға берілген айрықша құқықтың тоқтатылу салдары

908-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартының тоқтатылуы

909-бап. Кешенді кәсіпкерлік лицензия шартындағы құқықтық мирасқорлық

46-тарау. Конкурстық міндеттемелер

910-бап. Конкурстық міндеттеменің мазмұны

911-бап. Сыйақыға жария уәде беру

912-бап. Сыйақыға жария уәде берудің күшін жою

913-бап. Лотереялар, тотализаторлар және өзге де ойындар өткізу ерекшеліктері

914-бап. Ойындар мен бәс тігуді өткізуге және оларға қатысуға байланысты талаптар

915-бап. Тендер

916-бап. Аукцион

47-тарау. Зиян келтірудің салдарынан туындайтын міндеттемелер

Параграф 1. Жалпы ережелер

917-бап. Зиян келтіргені үшін жауаптылықтың жалпы негіздері

918-бап. Зиян келтірудің алдын алу

919-бап. Қажетті қорғану жағдайында зиян келтіру

920-бап. Аса қажетті жағдайда зиян келтіру

921-бап. Заңды тұлғаның немесе азаматтың өз қызметкері келтірген зиян үшін жауапкершілігі

922-бап. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ олардың лауазымды адамдары келтірген зиян үшін жауапкершілік

923-бап. Анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілік

924-бап. Өзінің жауаптылығын сақтандырған тұлғаның зиянды өтеуі

925-бап. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік

926-бап. Он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілік

927-бап. Ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналардың кәмелетке толмағандар келтірген зиян үшін жауапкершілігі

928-бап. Әрекетке қабілетсіз деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

929-бап. Әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

930-бап. Өз іс-әрекетінің мәнін түсінуге қабілетсіз азамат келтірген зиян үшін жауапкершілік

931-бап. Айналасындағыларға жоғары қауіп туғызатын қызмет (жоғары қауіптілік көздері) арқылы келтірілген зиян үшін жауапкершілік

932-бап. Бірлесіп келтірілген зиян үшін жауапкершілік

933-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

934-бап. Мүліктік зиянды өтеу әдістері

935-бап. Жәбірленушінің кінәсі мен зиян келтірген адамның мүліктік жағдайын есепке алу

Параграф 2. Азаматтың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу

936-бап. Азаматтың шарттық және өзге де міндеттемелерді орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу

937-бап. Денсаулықты зақымдау арқылы келтірілген зиянды өтеудің көлемі мен сипаты

938-бап. Денсаулықтың зақымдануы салдарынан жоғалтылған табысты (кірісті) анықтау

939-бап. Кәмелетке толмаған адамның денсаулығы зақымданған кезде зиянды өтеу

940-бап. Азаматтың қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеу

941-бап. Азамат қайтыс болған жағдайда келтірілген зиянды өтеу мөлшері

942-бап. Зиянды өтеу мөлшерін өзгерту

943-бап. Күнкөріс құнының артуына және айлық есептік көрсеткіштің өсуіне байланысты зиян өтемінің көбейтілуі

944-бап. Зиянды өтеу жөніндегі төлемдер

945-бап. Заңды тұлға тоқтатылған ретте зиянды өтеу

946-бап. Жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу

Параграф 3. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу

947-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің жеткіліксіздігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу негіздері

948-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиян үшін жауапты тұлғалар

949-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшілігі салдарынан келтірілген зиянды өтеу мерзімдері

950-бап. Тауарлардың, жұмыстардың, қызмет көрсетулердің кемшіліктері салдарынан келтірілген зиян үшін жауапкершіліктен босату негіздері

Параграф 4. Моральдық зиянды өтеу

951-бап. Моральдық зиянды өтеу

952-бап. Моральдық зиянды өтеу мөлшері

48-тарау. Негізсіз баю салдарынан туындайтын міндеттемелер

953-бап. Негізсіз байлықты қайтару міндеті

954-бап. Негізсіз байлықты қайтару туралы талаптардың азаматтық құқықтарды қорғау туралы басқа талаптармен арақатынасы

955-бап. Негізсіз байлықты заттай қайтару

956-бап. Негізсіз байлықтың құнын өтеу

957-бап. Құқықты басқа тұлғаға негізсіз берудің зардабы

958-бап. Жәбірленушіге алынбаған табыстарды өтеу

959-бап. Қайтарылуға жататын мүлікке шыққан шығындарды өтеу

960-бап. Қайтарылуға жатпайтын негізсіз байлық

5-бөлім. Интеллектуалдық меншік құқығы

49-тарау. Жалпы ережелер

961-бап. Интеллектуалдық меншік құқығының объектілері

962-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне құқықтың пайда болу негіздері

963-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтар

964-бап. Интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар

965-бап. Айрықша құқықтардың басқа адамға ауысуы

966-бап. Лицензиялық шарт

967-бап. Интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін жасау және пайдалану туралы шарт

968-бап. Айрықша құқық және меншік құқығы

969-бап. Айрықша құқықтардың қолданылу мерзімі

970-бап. Айрықша құқықтарды қорғау әдістері

50-тарау. Авторлық құқық

971-бап. Авторлық құқықпен қорғалатын туындылар (авторлық құқық объектілері)

972-бап. Авторлық құқық объектілерінің түрлері

973-бап. Авторлық қатынастарды құқықтық реттеу

974-бап. Авторлық құқық объектілері болып табылмайтын туындылар

975-бап. Ресми құжаттардың, мемлекеттік рәміздер мен белгілердің жобаларына құқық

976-бап. Авторлық құқықты қорғау белгісі

977-бап. Автордың жеке мүліктік емес құқықтары

978-бап. Автордың мүліктік құқықтары

979-бап. Туындыны сақтауға беру

980-бап. Қазақстан Республикасының аумағында авторлық құқықтың қолданылуы

981-бап. Авторлық құқықтың қолданыла бастауы

982-бап. Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі

983-бап. Туындының қоғам игілігіне ауысуы

984-бап. Авторлық құқықтарды басқару

51-тарау. Сабақтас құқықтар

985-бап. Сабақтас құқықтардың объектілері

986-бап. Сабақтас құқықтардың субъектілері

987-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылуы

988-бап. Сабақтас құқықтар субъектілерінің құқықтарын реттеу

989-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімі

990-бап. Шетелдік азаматтар немесе шетелдік заңды тұлғалар болып табылатын орындаушылардың, фонограммалар шығарушылардың, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының құқықтары

52-тарау. Өнертабысқа, пайдалы модельге, өнеркәсіптік үлгіге құқық

991-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні құқықтық қорғау талаптары

992-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалану құқығы

993-бап. Патентке және алдын ала патентке берілетін құқыққа билік ету

994-бап. Авторлық құқық

995-бап. Өнертабыстың, пайдалы модельдің, өнеркәсіптік үлгінің тең авторлары

996-бап. Қызметтік өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер

997-бап. Автордың қызметтік өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі үшін сыйақы алуға құқығы

998-бап. Алдын ала патент пен патенттің Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуы

999-бап. Алдын ала берілетін патент пен патенттің қолданылу мерзімі

1000-бап. Патенттік құқықтарды беру туралы шарт

1001-бап. Өнертабысты, пайдалы модельді, өнеркәсіптік үлгіні пайдалануға лицензиялық шарт

1002-бап. Ашық лицензия

1003-бап. Алдын ала патент пен патентті бұзғаны үшін жауапкершілік

1004-бап. Оған дейін пайдалану құқығы

1005-бап. Патент иесінің құқықтарын шектеу

53-тарау. Селекциялық жетістіктерге құқық

1006-бап. Өсімдіктердің жаңа сорттарына және жануарлардың жаңа тұқымдарына құқықты қорғаудың талаптары

1007-бап. Автордың селекциялық жетістік атауын айқындау құқығы

1008-бап. Селекциялық жетістік авторының сыйақы алуға құқығы

1009-бап. Патент иесінің селекциялық жетістікке құқығы

1010-бап. Патент иесінің міндеттері

1011-бап. Селекциялық жетістікке патенттің қолданылу мерзімі

1012-бап. Селекциялық жетістіктерді пайдалануға жіберу

54-тарау. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтар

1013-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына құқықтарды қорғау талаптары

1014-бап. Интегралды микротәсімдер топологиясына айрықша құқық

1015-бап. Топологияларды тіркеу

1016-бап. Топологияны қолдануға айрықша құқықтың қолданылу мерзімі

55-тарау. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы

1017-бап. Ашылмаған ақпаратты құқықтық қорғау талаптары

1018-бап. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланғаны үшін жауапкершілік

1019-бап. Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғауға құқықтың ауысуы

56-тарау. Азаматтық айналымға, тауарларға және қызмет көрсетулерге қатысушыларды дараландыру құралдары

Параграф 1. Фирмалық атау

1020-бап. Фирмалық атауға құқық

1021-бап. Заңды тұлғаның фирмалық атауын тауар белгісінде пайдалану

1022-бап. Фирмалық атауға құқықтың қолданылуы

1023-бап. Фирмалық атауды иеліктен алу құқығы

Параграф 2. Тауар белгісі

1024-бап. Тауар белгісін құқықтық қорғау талаптары

1025-бап. Тауар белгісін пайдалану құқығы

1026-бап. Қазақстан Республикасының аумағында тауар белгісін құқықтық қорғау

1027-бап. Тауар белгісіне құқықтың қолданылу мерзімі

1028-бап. Тауар белгісін пайдаланбаудың салдары

1029-бап. Тауар белгісіне құқықтың ауысуы

1030-бап. Тауар белгісін пайдалануға рұқсат беру

1031-бап. Тауар белгісіне құндық беру туралы шарттар мен лицензиялық шарттардың нысаны және оларды тіркеу

1032-бап. Тауар белгісіне құқықты бұзғаны үшін жауапкершілік

Параграф 3. Тауар шығарылатын жердің атауы

1033-бап. Тауар шығарылатын жердің атауын құқықтық қорғау талабы

1034-бап. Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығы

1035-бап. Тауар шығарылатын жердің атауын құқықтық қорғаудың қолданылу аясы

1036-бап. Тауар шығарылатын жердің атауын пайдалану құқығына куәліктің қолданылу мерзімі

1037-бап. Тауар шығарылатын жердің атауын заңсыз пайдалану үшін жауапкершілік

6-бөлім. Мұрагерлік құқық

57-тарау. Мұрагерлік туралы жалпы ережелер

1038-бап. Мұрагерлік

1039-бап. Мұрагерліктің негіздері

1040-бап. Мұраның құрамы

1041-бап. Ортақ бірлескен меншік болып табылатын мүлікке мұрагерлік

1042-бап. Мұраның ашылуы

1043-бап. Мұраның ашылу орны

1044-бап. Мұрагерлер

1045-бап. Мұрадан лайықсыз мұрагерлерді шеттету

58-тарау. Өсиет бойынша мұрагерлік

1046-бап. Жалпы ережелер

1047-бап. Талап қойылған өсиет

1048-бап. Мұрагерлерді қосымша тағайындау

1049-бап. Мүліктің өсиет етілмей қалған бөлігіне мұрагерлік

1050-бап. Өсиеттің нысаны туралы жалпы ережелер

1051-бап. Нотариатта куәландырылған өсиет

1052-бап. Нотариатта куәландырылғандарға теңестірілетін өсиеттер

1053-бап. Өсиеттің күшін жою және оны өзгерту

1054-бап. Өсиеттің құпиясы

1055-бап. Өсиетке түсінік беру

1056-бап. Өсиеттің жарамсыздығы

1057-бап. Өсиеттік бас тарту (легат)

1058-бап. Жүктеу

1059-бап. Өсиеттің орындалуы

59-тарау. Заңды мұрагерлік

1060-бап. Жалпы ережелер

1061-бап. Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегі

1062-бап. Заң бойынша мұрагерлердің екінші кезегі

1063-бап. Заң бойынша мұрагерлердің үшінші кезегі

1064-бап. Кейінгі кезектегі мұрагерлер

1065-бап. 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 225 ҚР Заңымен алып тасталды
(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)

1066-бап. 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 225 ҚР Заңымен алып тасталды
(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз)

1067-бап. Ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік

1068-бап. Мұра қалдырушының асырауындағы еңбекке жарамсыз адамдар

1069-бап. Мұрадағы міндетті үлеске құқық

1070-бап. Мұра алу кезіндегі ерлі-зайыптылардың құқықтары

1071-бап. Мұраны қорғау және заң бойынша мұрагерлік кезінде оны басқару

60-тарау. Мұра алу

1072-бап. Мұраны қабылдау

1072-1-бап. Мұра қабылдау тәсілдері

1072-2-бап. Мұраны қабылдау мерзімі

1072-3-бап. Белгіленген мерзімнің аяқталуына қарай мұраны қабылдау

1072-4-бап. Мұраны қабылдау құқығының ауысуы (мұрагерлік трансмиссия)

1073-бап. Мұраға құқық туралы куәлік беру

1074-бап. Мұрадан бас тарту құқығы

1075-бап. Өсиеттік бас тартуды алудан бас тарту құқығы

1076-бап. Мұраны бөлу

1077-бап. Болмаған мұрагерлердің құқықтары

1078-бап. Жекелеген мұрагерлердің мұраға кіретін мүлікке басым құқығы

-
- 1079-бап. Мұралық үлестердің үстелуі
- 1080-бап. Мұраның есебінен төлеуге жататын шығындар
- 1081-бап. Мұра қалдырушының борыштарын кредит берушілердің өндіріп алуы
- 1082-бап. Шаруа немесе фермер қожалығындағы мұрагерлік
- 1083-бап. Иесіз қалған мұра
- 7-бөлім. Халықаралық жеке құқық
- 61-тарау. Жалпы ережелер
- 1084-бап. Шетелдік элемент шиеленістірген азаматтық-құқықтық қатынастарға қолданылуға тиісті құқықты анықтау
- 1085-бап. Заң ұғымдарын саралау (құқықтық саралау)
- 1086-бап. Шетел құқығы нормаларының мазмұнын анықтау
- 1087-бап. Кері сілтеме жасау және үшінші елдің құқығына сілтеме жасау
- 1088-бап. Заңды айналып өтудің салдары
- 1089-бап. Өзара түсіністік
- 1090-бап. Жария тәртіп туралы ескерту
- 1091-бап. Императивтік нормаларды қолдану
- 1092-бап. Көп құқықтық жүйелері бар елдің құқығын қолдану
- 1093-бап. Реторсиялар
- 62-тарау. Коллизиялық нормалар
- Параграф 1. Тұлғалар
- 1094-бап. Жеке тұлғаның жеке заңы
- 1095-бап. Жеке адамның құқық қабілеттілігі мен әрекетке қабілеттілігі
- 1096-бап. Жеке адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану және оны қайтыс болды деп жариялау
- 1097-бап. Жеке адамның есімі
- 1098-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық хал актілерін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркеу

1099-бап. Шет мемлекет органдары азаматтық хал актілерін куәландыруға берген құжаттарды тану

1100-бап. Заңды тұлғаның заңы

1101-бап. Заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі

1102-бап. Мемлекеттің шетелдік элементі бар азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысу

Параграф 2. Жеке мүліктік емес құқықтар

1103-бап. Жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау

Параграф 3. Мәмілелер, өкілдік, талап мерзімі

1104-бап. Мәміленің нысаны

1105-бап. Сенімхат

1106-бап. Талап мерзімі

Параграф 4. Заттық құқықтар

1107-бап. Заттық құқықтарға қолданылатын құқық туралы жалпы ережелер

1108-бап. Заттық құқықтардың пайда болуы және тоқтатылуы

1109-бап. Мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті көлік құралдары мен өзге де мүлікке заттық құқықтар

1110-бап. Жолдағы қозғалатын мүлікке заттық құқықтар

1111-бап. Заттық құқықтарды қорғау

Параграф 5. Шарттық міндеттемелер

1112-бап. Шарт тараптарының келісімімен құқық таңдау

1113-бап. Тараптардың келісімі болмаған кезде шартқа қолданылатын құқық

1114-бап. Шетелдің қатысуымен заңды тұлға құру туралы шартқа қолданылатын құқық

1115-бап. Қолданылатын құқықтың күшінде болатын саласы

Параграф 6. Шарттан тыс міндеттемелер

1116-бап. Бір жақты мәмілелерден туындайтын міндеттемелер

1117-бап. Зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер

1118-бап. Тұтынушыға келтірілген зиян үшін жауапкершілік

1119-бап. Негізсіз баю

Параграф 7. Интеллектуалдық меншік

1120-бап. Интеллектуалдық меншікке құқықтар

Параграф 8. Мұрагерлік құқық

1121-бап. Мұрагерлік бойынша қатынастар

1122-бап. Адамдардың өсиет жасауға және оның күшін жоюға қабілеттілігі,
өсиеттің және оның күшін жою актісінің нысаны

1123-бап. Қозғалмайтын мүлікті және мемлекеттік тізілімге енгізілуге тиісті
мүлікті мұраға қалдыру

Параграф 9. Қорғаншылық және қамқоршылық

1124-бап. Қорғаншылық және қамқоршылық».

3. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 15-16, 62-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 127, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 3-4, 12-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар, № 17-18, 111-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 151-құжат; 2011 жылғы 18 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес пен жеке меншікті заңсыз тартып алуға (рейдерлікке) қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 5 ақпанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 63-баптың бірінші бөлігіндегі «немесе қорғаншылары» деген сөздер «, қорғаншылары, патронат тәрбиелеушілері немесе оларды алмастыратын басқа да адамдар» деген сөздермен ауыстырылсын.

2) 188-баптың үшінші бөлігіндегі «120» деген цифрлар «119» деген цифрлармен ауыстырылсын.

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; 2011 жылғы 25 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская

правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 2 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 29 қаңтарда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 3 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 1 ақпанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 8 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 5 ақпанда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

354-3-бапта:

тақырыптағы және мәтіндегі «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

«айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде» деген сөздер «он» деген сөзбен ауыстырылсын;

«айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі» деген сөздер «жиырма айлық есептік көрсеткіш» деген сөздермен ауыстырылсын.

5. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 13, 99-құжат; 2005 ж., № 9, 26-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 79, 83-құжаттар; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 14, 105-құжат; № 15, 106, 109-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 17, 139-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 15-16,

64-құжат; № 21, 95-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 13-14, 62-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84, 86-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

1) 79-баптың 11-тармағындағы «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын;

2) 80-баптағы «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер, 155-баптың 3-тармағындағы «және олармен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

6. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар):

1) 31-бапта:

тақырыптағы «және олармен мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақтағы «және олармен жасалатын мәмілелерге» деген сөздер алып тасталсын;

2) 98-баптың 1-тармағындағы «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

3) мазмұнында:

31-баптың тақырыбындағы «және олармен мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

7. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 жылғы 26 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 2 ақпанда

«Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 29 қаңтарда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

51-баптың 1-тармағының 20) тармақшасындағы «және олармен жасалатын мәмілелерге», 52-баптың 1-тармағының 15) тармақшасындағы «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

8. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексіне) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; 2011 жылғы 26 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2011 жылғы 2 ақпанда «Егемен Қазақстан» және 2011 жылғы 29 қаңтарда «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 19-баптың 1-тармағының 12) тармақшасындағы «және 4)» деген сөздер алып тасталсын;

2) 180-баптың 6-тармағының 1) тармақшасындағы «және онымен жасалатын мәмілелерді», 406-баптың 1 және 6-тармақтарындағы «және олармен жасалатын мәмілелерді», 3, 8 және 9-тармақтарындағы «және олармен жасалатын мәмілелерге», 409-баптың 9-тармағындағы, 455-баптың 1) тармақшасындағы, 456-баптағы және оған ескертудегі, 457-баптың 2) тармақшасындағы, 582-баптың 3) тармақшасындағы «және онымен жасалатын мәмілелерге» деген сөздер алып тасталсын.

9. «Шаруашылық серіктестіктері туралы» 1995 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 7, 49-құжат; № 15-16, 109-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 205, 210-құжаттар; 1998 ж., № 5-6, 50-құжат; № 17-18, 224-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 56-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат):

4-баптың 8-тармағында:

екінші бөлік «тәртібі мен мерзімдері;» деген сөздерден кейін «серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы;» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік «серіктестік қатысушыларының» деген сөздерден кейін «(қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын серіктестікті қоспағанда)» деген сөздермен толықтырылсын.

10. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат.; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат):

52-5-баптың 2-тармағындағы «және олармен жасалған мәмілелерге» деген сөздер алып тасталсын.

11. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ипотека шарты ипотеканы тіркеу үшін негіз болып табылады. Ипотека құқығы ол тіркелген кезден бастап туындайды.»;

2) 10-баптағы «шартты тіркеу» деген сөздер «ипотеканы тіркеу» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25-баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларындағы «ипотека шарты тіркелген», «ипотекалық шарт тіркелген» деген сөздер «ипотека тіркелген» деген сөздермен ауыстырылсын.

12. «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 8, 84-құжат; 1999 ж., № 13, 431-құжат; № 23, 921-құжат; 2001 ж., № 15-16, 228-құжат; 2002 ж., № 6, 71-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 14, 82-құжат; № 17, 101-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 16, 103-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат, № 10, 69-құжат, № 15, 106, 108-құжаттар; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 11-12, 54-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 52-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

1) 32-бапта:

1-тармақтағы «және онымен жасалатын мәмілеге құқықты» деген сөздер «құқықтарды» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы «немесе кондоминиум басқармасы органының» деген сөздер алып тасталсын;

2) 36-баптың 1-тармағы «меншік иесі» деген сөздерден кейін «(өзге де құқық иеленушілері) немесе олардың өкілдері» деген сөздермен толықтырылсын.

13. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 5-6, 49-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 24, 178-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат):

1) 17-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралының атауы;»;

2) 23-баптың 6-тармағының бірінші бөлігіндегі екінші сөйлем алып тасталсын;

3) 32-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «Қазақстан Республикасының заңдарында және» деген сөздер алып тасталсын;

4) 35-баптағы «Жауапкершілігі» деген сөз «Егер серіктестіктің құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, жауапкершілігі» деген сөздермен ауыстырылсын.

14. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 17-18, 243-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 6, 10-құжат; № 7-8, 19-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; № 23, 144-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 16, 129-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат, № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж. № 1, 2-құжат):

68-баптың 13-тармағының екінші бөлігіндегі «және онымен жасалатын мәмілелерге» деген сөздер алып тасталсын.

15. «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 2, 16-құжат; 2004 ж., № 20, 116-құжат; № 23, 142-құжат;

2005 ж., № 11, 36-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат):

16-баптың 3-1-тармағындағы «және онымен жасалатын мәмілелердің» деген сөздер алып тасталсын.

16. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар):

3-баптың 3) тармақшасындағы, 18-баптың 5) тармақшасындағы «және олармен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

17. «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 10, 55-құжат; № 21-22, 160-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 10, 52-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 4, 28, 33-құжаттар; № 9, 67-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 13-14, 56-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 24, 133-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 жылғы 26 қаңтарда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-баптың 2-тармағының 7) тармақшасындағы «құралын» деген сөз «құралының атауын» деген сөздермен ауыстырылсын.

18. «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 87-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; 2007

ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 18, 143-құжат; № 19, 149-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

18-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы, 23-баптың 3-тармағындағы және 24-баптың 5-тармағындағы «және онымен жасалатын мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

19. «Ішкі су көлігі туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 15, 88-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар):

25-баптың 3-1-тармағындағы «және онымен жасалатын мәмілелердің» деген сөздер алып тасталсын.

20. «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2006 ж., № 16, 101-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 17, 79-құжат; 2009 ж., № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

1-баптың 12) тармақшасы алып тасталсын.

21. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат, 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат):

1) тақырыптағы, кіріспедегі және бүкіл мәтін бойынша «және онымен жасалатын мәмілелерді», «және онымен жасалатын мәмілелердің», «және онымен мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын;

2) 1-баптың 21) тармақшасындағы «мәмілелер,» деген сөз алып тасталсын;

3) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жөніндегі қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заңның күші әуе және теңіз кемелеріне, ішкі суда жүзу кемелеріне, «өзен-теңіз» жүзу кемелеріне, ғарыш объектілеріне қолданылмайды.»;

4) 4-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

5) 7-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

6) 17-баптың 3-тармағы «(уәкілетті өкілдің),» деген сөздерден кейін «адвокаттардың,» деген сөзбен толықтырылсын.

7) 24-бапта:

7-тармақтағы «нотариат куәландырған» деген сөздер «куәландырылған» деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Тіркеу сенімхат негізінде жүзеге асырылатын жағдайларда, тіркеуші органға сенімхаттың екі данасы табыс етіледі, оның біреуі түпнұсқа немесе нотариат куәландырған көшірме болып табылады. Тіркеуден кейін сенімхаттың түпнұсқасы өтініш берушіге (уәкілетті өкілге) қайтарылады.»;

8) 27-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер осы Заңда немесе тіркеуді тоқтата тұру туралы сот актісінде өзгеше белгіленбесе, тіркеуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар жойылғанға дейін, бірақ бір айдан аспайтын мерзімге тіркеу тоқтатыла тұрады. Егер тіркеуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар бір ай ішінде жойылмаса, мемлекеттік тіркеуден бас тартылуға тиіс.

Тіркеуді тоқтата тұру туралы мәліметтер тіркеуге түсетін құжаттарды есепке алу кітабына енгізіледі.»;

9) 39-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

10) 48-бапта:

5-тармақта:

2) тармақшадағы «қолданылу» деген сөз «негізгі міндеттеменің қолданылу (орындалу)» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «міндеттеменің немесе сол бойынша сыйақы» деген сөздер «міндеттеме» деген сөзбен ауыстырылсын;

6-тармақтың 1) тармақшасындағы «не кепіл берушінің» деген сөздер алып тасталсын;

11) 53-баптың 1-тармағы «шағымдану» деген сөзден кейін «немесе наразалық білдіру» деген сөздермен толықтырылсын;

12) 54-баптың 2-тармағында:

екінші бөлік «өтінішпен» деген сөзден кейін «тіркеуші органға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жылжымайтын мүлік иесіз ретінде есептен шығарылған жағдайда, тіркеуші орган бұл туралы жергілікті атқарушы органды хабардар етуге тиіс.».

22. «Бәсекелестік туралы» 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 24, 125-құжат; 2009 ж., № 15-16, 74-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат):

49-баптың 4-тармағындағы, 5-тармағының екінші бөлігіндегі «және олармен жасалған мәмілелерге» деген сөздер, 56-баптың 7-тармағындағы «және онымен жасалған мәмілелерді» деген сөздер алып тасталсын.

23. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді оңайлату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 17-18, 101-құжат):

1-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.